

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Ақтөбе қ.

28 қазан 2016 жыл

Ақтөбе қаласында жергілікті компаниялардың меншік иелерінің және жетекшілерінің қор нарығының сарапшыларымен кездесуі болып өтті. Бұл кездесу "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесе жүзеге асыратын бастама шегінде ұйымдастырылған.

Инвестициялық, аудиторлық және заңгерлік компаниялардың арасынан шыққан серіктестерімен KASE өкілдері жергілікті бизнес-қауымдастықпен кәсіпорындарды модернизациялауға, өнімділік пен тиімділікті арттыруға мүмкіндік беретін, қор нарығы арқылы қосымша қаржыландыру тарту мүмкіндіктері туралы құнды ақпараттармен бөлісті.

"Бүгінгі таңда инвесторлар кіші және орта бизнес кәсіпорындары арасынан жаңа, перспективалы компаниялардың пайда болуына мүдделі, ал компаниялар, бағалы қағаздар нарығына шыққанда, өз кезегінде инвесторлардың кең ауқымды шеңберіне және қосымша капиталға қол жеткізуге, сондай-ақ өз бизнесін сапалы жаңа, масштабты деңгейге шығаруға мүмкіндік алады", – деді өз сөзінде "Қазақстан қор биржасы" АҚ Эмитенттермен және инвесторлармен жұмыс жүргізу бөлімінің бастығы Аслан Қалиғазин.

Кездесуде KASE өкілдері мен нарық сарапшылары – "Фридом Финанс" АҚ, "SkyBridge Invest" ЖШС "Эрнст энд Янг – кеңес берушілік қызметтер" ЖШС компанияларының мамандары түрлі санаттар бойынша, соның ішінде акциялар мен облигациялар, листингтен өту шарттары туралы, сондай-ақ IPO (инвесторлардың шектелмеген санына акцияларды көпшілікке бастапқы ұсыну) шығу мүмкіндіктері туралы әңгімеледі.

Үстіміздегі жылы KASE өңірлік бизнес-қауымдастықтың өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізді және кіші және орта бизнеске қор нарығында қаржыландыру тарту сұрақтары бойынша кеңес берушіліктерді әрі қарай жалғастыруды жоспарлап отыр.

### Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)